

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 30.12.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 30.12.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б.,
ҮДЕРБАЕВ А.Ж.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБИЛМАЖИНОВА А.Б., АХМЕТОВА М.К., ЕКЕР С.	Қазақ тілдік санасындағы «қыз ұзату» тойының репрезентациясы	7
АЙДАРБЕК Қ.Ж., ИМАНБЕРДИЕВА А.Б., ЖУНУСОВА А.С.	Қазіргі ғылыми коммуникациядағы терминологиялық элементтер	22
AKIZHANOVA D.M., SATENOVA S.K., OMAROVA A.S.	The semantics of onyms: interlingual transfer of toponyms in the Akmola region	31
ЕСИМБЕКОВА Д.Б.	Иммерсивті сөздік – кәсіби лексиканы меңгертудің заманауи құралы	44
КАНАШАЕВА Г.А., АШИРКУЛОВ К.Б., ӘШІРХАНОВА Қ.М.	Ұлттық код: «Құтадғу білік» еңбегіндегі жомарт/ақи концепті	55
КЕНЖЕХАНОВА Н.Қ., ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ Б., АГАБЕКОВА Ж.А.	Көптілді академиялық ортадағы терминжасам және аударма стратегиялары: қытай және қазақ тілдері негізінде	66
КУДЕРИНОВА К.Б., ЕСКЕНДІР Ж.Е.	Сөз стилистикасы	82
МАКУЛБАЕВА А.А., БАЙДРАХМАНОВ Д.Х.	Подкасттардағы киберсленгтерге лексикалық және семантикалық талдау	92
НУРБАЕВА А.М., БАЙСЫДЫК И.Б., КУРМАШЕВА Г.Б.	Англицизмы как лингвистическое явление в рекламных слоганах казахстана: структурно-семантический и прагматический анализ	102
НУРКИНА Н.А., БАРАТОВА М.Н.	Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы көнерген сөздердің мағыналық-көркемдік қызметі	114
OMARBEKOVA G.A.	Digital culture in the kazakh context: contemporary issues	124
ӨМІРЗАҚОВА А.К., ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б., ҮДЕРБАЕВ А.Ж.	Қ. Сәтбаев оқу мәтініндегі қазақ өлшем атауларының этнолингвистикалық репрезентациясы	133
ТАНЕШ Б., МЕЙРАМОВА С.А., ЗАГАТОВА С.Б.	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктердің мәдени ерекшеліктері	144
ТОЛЕУКОНЫР Ж.К.	«Әке» концептісінің мағыналық құрылымы және әлеуметтік-мәдени аспектісі (М. Әуезов шығармалары бойынша)	156

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДЫРОВА А.О., ЖАЕВА Р.Р.	Ғалым Қ. Жүсіп еңбектеріндегі әдеби көркемдік түр сипатының зерттелу ерекшеліктері	166
АЛИМБАЕВ А.Е.	Көне түркі жазба мұраларындағы «мәңгілік» мотивінің жырлануы	178
БӘШІРОВ Н.Қ.	Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстаным	189
БУТЕЕВ Б.О.	Смех между Востоком и Западом: Абай Кунанбайұлы и Анри Бергсон	200
SULEIMENOVA ZH.A., GALYMZHANOV B.G.	Religious motifs comparative analysis of Zhusup Kopeyuly and Ahmed Yasawi works	208
ҚУАНЫШБАЕВА Н.А., САҒЛАМ С.	Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық жүйесі	217
ШАЛҒЫНБЕКОВА А.Б., АМРЕНОВ А.Д.	Ақын Мәжит Айтбаевтың поэзиясы	227

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАРЫБАЕВА С.Е., ЖҮНІСОВА К.Қ.	Білім беру үдерісіндегі семантикалық оқытудың рөлі: мәтіндермен жұмыс істеу стратегиялары, кезеңдері және әдістері	237
----------------------------------	--	-----

Г.А. КАНАШАЕВА¹ К.Б. АШИРКУЛОВ² *Қ.М. ӘШІРХАНОВА³ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан^{1, 2}Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан³(e-mail: jazikana@mail.ru¹, kanat.ashirkulov@gmail.com², ashirkhanovak@gmail.com³)**ҰЛТТЫҚ КОД: «ҚҰТАДҒУ БІЛІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЖОМАРТ / АҚІ
КОНЦЕПТІ**

Аңдатпа. Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» атты еңбегі ХІ ғасырдағы түркілердің когнитивтік санасындағы адам болмысын айшықтайтын тілдік фактілер жағынан да өте құнды еңбек. Жазба жәдігер тілінің генетикалық қабаты 85 пайыз түркі сөздерінен тұрады, рухани құндылықтар жүйесіне енетін абстракт ұғымдар таза түркілік атаулармен берілген. Бұл абстракт ұғымдар – түркі дүниетанымындағы адам болмысын айқындауға жол ашатын рухани концептілер болып табылады. Мақалада «Құтадғу білігтегі» кемелденген адамның маңызды қасиеттерінің бірі болып табылатын ақі / жомарт лексемасына жан-жақты лексика-семантикалық талдау жасалды. Қарахан дәуірінде өмір сүрген ғұламалар түркілердің мәдениетіне ислам діні арқылы енген абстракт ұғым атауларды қолдануда түркі тілінің бай сөздік қорын қолданғандығы нақты деректермен дәйектелді. ақі лексемасы көне түркілік түбір болып табылатын ақ етістігінен жасалған туынды есім. Мақалада түрік ғалымы профессор Решит Рахмети Араттың үш нұсқаның басын біріктіріп жасаған транскрипциясы қазақ тіліндегі аудармалармен салыстыра отырып зерделенді.

Түйін сөздер: жәдігер, кемел адам, жомарттық, ұлттық код.

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде «Құтадғу білігі» тілі құрылымдық жағынан бірнеше еңбектерде зерделенді. Бұл көне түркі тілінде жазылған, түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы болып саналады. «Құтадғу білігі» шығармасы рухани концепті категориясында талдауға лайық құндылықтар өте көп болғанына қарамастан қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағытта жасалған зерттеулер өте аз. Зерттеу нысаны болып отырған «Құтадғу білігі» жазба ескерткіші ғылымда отандық зерттеушілер тарапынан болсын, әлемдік зерттеушілер тарапынан болсын әлі күнге дейін түрлі қырынан зерттеліп келе жатыр. Зерттеуде жазба ескерткіш тіліндегі жомарт концептісін айқындайтын тілдік бірліктер талданады.

Концепт – адам жадында тәжірибе арқылы өңделе отырып сақталған өмір туралы менталды білім. Ол әр халықтың дүниетанымында тұрмыс салты, мәдениеті, діні арқылы өзіндік ұлттық ерекшеліктермен қалыптасады. Бір ұлттың өмір туралы ақпараттық базасына концепті арқылы қол жеткізе аламыз.

Ғалым Айбарша Ислам концептіні талдау әдістерін былай атап көрсетеді: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен оның түрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; концептің адамның күнделікті санасындағы түсінігі; концептің фразеологизмдердің түзілуіне немесе қолданылуына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің немесе образдардың пайда болуы [1, 58].

Біздің мақсатымыз «Құтадғу біліг» тіліндегі жомарт концептісін зерттеу, оның мазмұнын анықтауда қолданылатын тәсілдер мен тілдік бірліктердің мәнін анықтау. «Құтадғу біліг» еңбегінде түркі халықтарының тарихи мәдени, рухани әлеуметтік әлемін танытатын фразеологиялық тіркестер өте көп қолданылған. Олар ұлттың болмыс бітімін дүниеге көзқарасын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік мәнін, ой тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін ұлттық таным қорында жинақтаған тілдік таңбалар [2, 114].

Ұлттың дүниетанымдық көзқарастары мен ұлттық идеясын дамытуда рухани құндылықтар маңызды орын алады. Бір халықтың рухани бағыты, өмірлік ұстанымы, дүниетанымы осы рухани құндылықтар негізінде қалыптасып дамып отырады. Қазіргі таңда адам өмірі мен адамның өзін-өзі жүзеге асыруы өте жоғары бағаланады. Қоғамдағы дамыған, толық немесе кемел адамның бейнесі қандай болу керектігі философтар, психологтар, әлеуметтанушылармен қатар лингвисттерді де толғандыратын тақырып.

Қазіргі антрапoeзекті тіл білімі саласының жаңа бағыттары болып табылатын когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика ғылымында рухани концептілер күрделі категория ретінде зерттеу нысанына айналып отыр. Осындай категориялардың концепт құраушылық сипатын, оның мағыналық ақпараттық өрісін, қазақ дүниетанымындағы күрделі ұғымдардың мәнін ашу тіл білімінде өте маңызды деп ойлаймыз.

Жоғарыда да атап өткендей, қазіргі таңда қоғамда адамның өзін-өзі жүзеге асыруы маңызды үдерістердің бірі болып отыр. Негізі бұл рухани құбылыс адамзат тарихында ежелден бар құбылыс. Қоғамдағы адамның орны мен адамның даму сатылары қазақ ғылымында толық адам концепциясы негізінде көрініс табады.

Б.з.д. 7 ғасыр басында айтылған ақи сөзі, термин мағынасына айналып, ізгілік, қайырымдылық деген «ақи» іліміне айналады. Ақи сөзі көне түрік тілінде «zomart», яғни, бізше, жомарт, мәрт ұғымын береді. Белгілі ғалым, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы «толық адам» ілімі «б.з.д 620 жылдан бастау алып бүгінге дейін үзіліссіз дамып келе жатқанын және бұл кісілік ой танымдардың негізі Азия құрлығында, оның ішінде түркі топырағында қаланғандығын» алға тартады. Ол «толық адам» ілімінің ізгілік идеясына сүйенетінін және қазақ әдебиеті тарихында бір дәстүрлі желі арқылы көрініс табатынын алға тартады.

М.Мырзахметов «толық адам» концепциясының негізін құрайтын «жәуанмәрттік ілімі» Ж. Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасының негізгі желісі екендігін және бұл ұғым шығармада «ақи» және «ерсит тоңа» сөздерімен берілгендігін атап көрсетеді.

Қазақ жерінде, арғы жағы Туран өлкесінде б.з.д. 7 ғасыр басында пайда болған «Ақи» / жомарттық ілімінің бастау көзі Фирдаусидің «Шахнама» дастанында Афрасиаб пен Иран патшасы Кейқысыраудың ортасындағы пікір таластан да байқауға болады.

Л.З.Будаговтың сөздігінде (1869) «жәуанмәрттік» (Жувонмарт) сөзі парсы тіліндегі «юнний, щедрый» деген мағынаны білдіреді.

«Бұл сөздің терең мән-мағынасы «жәуанмәрттік» ілімінің тұңғыш рухани көрінісі екені де байқалады. «Құтты білік» дастанында шартты түрде алынып жырланған 4 кейіпкер Әділет, Ақыл, Дәулет, Қанағат «жәуанмәрттік» ілімінің 4 негізгі тірегі ретінде баяндалуында терең пәлсапалық деңгейдегі ізгілік ұғымының желісі жатыр» [3, 105] дей отырып ғалым осы бір рухани құбылысты толық танып, біліп, насихаттауды өзекті, ең басты міндет деп атап көрсетеді. Бұл жерде осы «толық адам» концепциясының негізі ақилық яғни, жомарттық ұғымы екендігін түсінуге болады.

Йүсүп Хас Хажип тарапынан 1069 жылында жазылған бұл еңбек мәснәуи (екі жолды өлең) түрінде әдеби тілмен жазылған. Шығарма 6645 бәйіттен (екі жолды шумақтан) тұрады. Түркі тілінде жазылған бірегей шығарма. Автор Құтадғу білігті Баласағұнда жаза бастаған, кейін 1068 жылы Шығыс Қараханлы мемлекетінің астанасы Қашқарға көшіп кетеді. 1069 жылы шығармасын бітіріп, Қараханлы билеушісі Тавғаш Бұғра Ханға сыйға тартады. Бұғра Хан шығармаға ерекше риза болып авторға «Хас Хажип» деген құрметті

атақ береді. «Құтадғу білігі» ислам дінін ресми дін ретінде алғаш қабылдаған Қараханлы мемлекетінде жазылды. Қараханлы мемлекеті IX ғасырда құрылып сыртқы және ішкі таластардың әсерінен, XIII ғасырдың басында 1212 жылы құлады. ҚБ, мемлекеттің кіші хандықтармен билік таласынан әлсіреген кезінде 1069-1070 жылдары жазылды. Осы қоғамда болып жатқан әлеуметтік жағдай дастанның негізгі тақырыбы болған. Сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты дастанда мінсіз қоғам, мінсіз мемлекет, мінсіз адам типінің сипаттамасы беріледі. Дастанда сол дәуірдегі қоғамның келбеті емес, осындай болса деген жетік мемлекет жүйесі мен саналы адамдар тұратын мінсіз қоғам бейнесі екендігін түсіну қиынға соқпайды. Өйткені, өзі өмір сүрген дәуірде билік пен билеушілердің бойындағы жаман қасиеттерді тілге тиек етеді. Дастанда бір-бірімен тығыз байланысты қоғам мен мемлекетті көркейту үшін керекті білім, сана мен қасиеттерді қалай дамытуға және мұны өмірде қалай пайдалануға болатыны жөнінде жырланды [4, 25]. Бұл түркілер дүниетанымына жаңадан еніп келе жатқан ислам дінінің қағидалары арқылы беріледі және де адамдардың санасына екі дүние бақытын сыйлайтын білім кеңінен насихатталады. Әлемдік түркітануда XX ғасырдың басында кітаптың атауының аудармасына қатысты ғылыми пікірталас болды. Кітаптың атауы сөздік мағынасы тұрғысынан екі түрлі аударылды. Бірінші мағынасы «бақыт сыйлайтын білім» болса екінші мағынасы «басқару білімі». Түрік ғалымы Али Фехми Караманоглы «Құтадғу білігінің» тілі мен атауына байланысты» деп аталатын мақаласында осы сөз тіркесіне морфологиялық талдау жасайды. «Бұл сөз тіркесі «Құтадғу» және «билигі» деген екі сөзден құралған. Бұл жердегі билигі сөзі білу етістігінің біл түбірі мен етістіктен зат есім жасайтын -г жұрнағы арқылы жасалған сөз, білім мағынасын береді. Ал құтадғу сөзі болса құт есіміне –ад есімнен етістік жасаушы жұрнақ және «қылған» «қылушы» мағынасын беретін, қазіргі түркі тілдерінде түрлі қызметтерде қолданылып жүрген –ғу етістен сипат жасаушы жұрнақ арқылы жасалған. Бұрын бұл атау «бақыт беретін білім» деп аударылып жүрді» дейді [5, 128].

«Құтадғу білігінің» атауы «бақыт туралы білім» деп аударылады, алайда «құт» сөзінің көне түркі тіліндегі мағынасын ескерген кейбір ғалымдар бұл аударманың дұрыс емес екендігін алға тартады. Құтадғу білігі жан-жақты зерттеген және ағылшын тіліне аударған американдық Роберт Данкоф дастан атауын «Wisdom of Royal Glory» «Хандық билік даналығы» деп аударып, саясатнама жанрына жатқызады. Ағылшын әдебиет тарихында саясатнама «Ханзадалар айнасы» жанры деп аталады. Р. Данкоф өз аудармасының кіріспе бөліміндегі ғылыми зерттеуінде «Батыста Жақын және Қиыр шығыста ел басқарушыларға айтылатын үгіттердің ортақ жақтары бар; Сарайдың ішкі құрылымы, басқа сарайлармен қарым-қатынасы, елшілермен қарым-қатынас жасау, әділетті болу, әрі ақылды, әрі сенімді кеңесшіге мұқтаждық, әскерлерді басқару, қоғамдағы түрлі таптың өкілдерімен қатынас, жомарттық, шешендік, ізгілік иесі болу, жар таңдау мен отбасын құру..... бұл жанрдың басқа ортақ жағы билік идеологиясының дәріптелуі. Бұлардың бәрі дінге негізделеді» деп саясатнаманың ерекшелігін атап өтеді [6, 4]. Түрік ғалымы профессор Исмаил Таш өзінің «Құтадғу білікте «ізгілік» мәселесі» атты мақаласында «құт ұғымы саяси немесе моральдық контекстте жеке және қоғамдық бақытпен байланысты. Жеке құт жеке адамға қатысты бақытты білдірсе, қоғамдық құт мемлекетке қатысты кең әлеуметтік деңгейдегі бақытты білдіреді. Саяси және моральдық тұрғыдан алып қарағанда бұл екеуі де ең жоғары деңгейдегі ізгілік болып табылады. Сондықтан да «Құтадғу білігі» бақытқа жету туралы білім деп атауға әбден болады» [7, 255], - дейді. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Дастанның негізгі нысаны – адам мен адам өмірі. Өйткені адам мемлекетті құрайтын қоғамның маңызды бөлшегі. Адам өзін жетілдіре отырып, білім алып сол білімін халыққа үйретіп, көзін ашып, елге және мемлекетке қызмет етуі тиіс. Белгілі ғалым А. Егубаев «Жүсіп Баласағұн. Құтты білік» атты еңбегінің кіріспе бөлімінде берілген «Түркі әлемінің ұлы мұрасы» атты ғылыми мақаласында: «Құтты білік» бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл-сезімнен ажалға дейінгі жақсылық-жаманды жай-жағдаяттардың сан-қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен» [8, 33] деген

тұжырымы да осыған дәлел. Түрік ғалымы профессор Хулия Касапоғлы Ченгел «Құтадғу біліг» еңбегі адами құндылықтарға негізделгенін, түркі дүниетанымында «толық адам» ұғымын қалыптастырғандығын атап өтеді [9, 189]. Шығармада толық адам «едгү кіші» деп аталады да осы дәрежеге жету үшін адам баласына керекті қасиеттердің барлығына жеке-жеке тоқталады. Сондай қасиеттердің бірі де жоғарыда ғалым Мекемтас Мырзахметұлы айтып өткен «ақылық» яғни «жомарттық» ұғымы.

Шығармадағы негізгі идея адам баласының ең жоғарғы деңгейдегі бақытқа қол жеткізуі болса сол оған лайықты адамзат баласы - «едгү кіші», яғни толық адам. Ислам философиясында бақытқа жету үшін Алланың разылығын алу керек, ал Алланың разылығы адамдарды разы ету арқылы алынады, 3249, 3251 бәйіттерде адамға пайдалы болудың маңызды екендігі, өйткені Алла адамдардың қызметіне мұқтаж емес екендігі айтылған. Адам баласына қызмет ету оларға материалдық және моральдық көмекті тегін, ешқандай бір пайда көздемей көрсете білу. Дәулетті болсаң азға қанағат етіп, қолыңдағы дүниемен басқалармен бөлісу, білімді болсаң біліміңді басқаларға үйрету нағыз жақсы адамның жомарттық қасиеті.

Мақаламызда «Құтадғу біліг» шығармасындағы жомарттық концептісінің мән-мағынасын ашып, XI ғасырдағы түркі дүниетанымындағы маңызын анықтау мақсат етілді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. «Құтадғу білігінің» бүгінгі күнге жеткен үш қолжазба нұсқасы бар. Ең алғаш Герат қаласында ұйғыр графикасымен көшіріліп жазылған нұсқа «Вена нұсқасы» (1439) деп аталады. Екінші нұсқа 1896 жылы Каирдегі бұрынғы Хидив, қазіргі Король кітапханасынан табылды. Каир қолжазбасы араб графикасымен өте ұқыпты, харекелерімен жазылған және ол осы қолжазба «Мысыр нұсқасы» / «Каир нұсқасы» деп аталады. Үшінші қолжазба араб графикасымен көшірілген, 1913 жылы Наманғаннан табылды. Ғылымда алғашқы табылған екі нұсқасына қарағанда ең толық нұсқа болып саналады. Түрік ғалымы профессор Решит Рахмети Арат жылы аталмыш үш нұсқаның басын біріктіріп, ғылыми транскрипциясын жасап, 1947 жылы басып шығарды [4, 25]. Мақаламызда аты аталған ғылыми транскрипция мәтіні қолданылды.

Концепт құрылымын және оның вербалды репрезентациясын зерттегенде лингвистикалық зерттеудің бірнеше әдістері қолданылды. Зерттеу барысында ақы концептісінің сипатын анықтайтын тілдік бірліктер анықталды, олардың мағыналары түсіндірілді. Сонымен қатар ақы сөзіне этимологиялық талдау жасалды.

Талқылау мен бақылау. Бұған дейінгі зерттеулерде «Құтадғу біліг» тілі құрылымдық жағынан бірнеше еңбектерде зерделенді. «Құтадғу біліг» шығармасы рухани концепті категориясында талдауға лайық құндылықтар өте көп болғанына қарамастан қазақ тіл білімінде антропоэлектік бағытта жасалған зерттеулер өте аз. Негізі тарихи мәтіндерде кодталған тілдік бірліктерді арнайы тілдік байланыстар арқылы ашу орта ғасырлардағы түркі халықтарының бейнесін, сол дәуірдің ұлы өркениетінің тілдегі көрінісі анықтауға мүмкіндік береді [10, 31]. Алайда «Құтадғу біліг» құрылымдық лингвистика тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар «Құтадғу біліг» дастанын антропоэлектік бағытта қарастырған бірнеше мақалаларды атап өте аламыз. З.Даулетиярова «Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасы тіліндегі троп түрлерінің қолданысы» атты мақаласында шығармада көрініс тапқан автордың көркем ойлау жүйесі тілдік бірліктер арқылы сараланады. Құтадғу біліг» шығармасы тіліндегі метафора, эпитет, метонимия, теңеулердің қолданысы және олардың семантикалық сипаты ашылады. Қазақ тілінің сөздік қоры Ж. Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасы деректерімен сабақтастырыла қарастырылады. Осы мақалада да А.Егеубаев аудармасы негізгі нысан ретінде қолданылған. Арасында «Древнетюркский словарь» сөздігінен мысалдар келтіріледі М.Атымтаева, С.Мержанов «Құтты біліктегі» тұрақты тіркестердің қолданылуы мен семантикалық ерекшеліктері» атты мақалада ескерткіштің А.Егеубаев жасаған аудармасын негізге ала отырып дастандағы тұрақты тіркестердің семантикалық ерекшеліктерін айқындауға тырысады. «Құтадғу біліг» ескерткішін таным тұрғысынан зерделеген «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы тіліндегі «Құт» концептісі» атты мақалада А.Тұрдалиева «құт» лексемасының

ескерткіш тілінде қандай мәнде қолданылып, тілдік қолданыста қандай функция атқарып тұрғандығын талдайды.

«Құт» концептісінің ассоциативтік өрісін табыс/сәттілік, дәулет/байлық, сұрып/түр, шынайы бақыт, дәреже/билік, ақыл/білім, бақыт лексемаларымен анықтайды. Құт лексемасы астарындағы діни-мифологиялық қабатты ашуға тырысқан. Мақаладағы тілдік материалдар көне түркі сөздігінен алынған. Г.Убайдуллаева «Ж.Баласағұни «Құтты Білік» ескерткіштеріндегі рухани мәдениет лексикасы» атты мақаласында төру, көк, бөрі лексемаларына этнолингвистикалық талдау жасайды.

Қазақ халқының ғаламдық бейнесінде «жомарттық» құндылықтар жүйесінде маңызды орынға ие және ұлттық мінездің маңызды бір сипаты болып табылады. «Жомарттық» бұл қолдағы материалдық дүниемен бөлісу ғана емес сыйластық, қамқорлық және әлеуметтік жауапкершілік сынды рухани ізгілікпен тығыз байланысты дүние. «Жомарттық» қоғамда адамдар арасындағы қарым қатынасты және бірлікті сақтауға көмектескен. Қазақ мәдениетінде жомарттық тұлғаның рухани байлығын сипаттайтын моральдық-этикалық құндылық ретінде қарастырылады. Бұл қасиет индивидтің қоғамға деген құрметін, әлеуметтік жауапкершілігін және шектеулі ресурстар жағдайында да бөлісуге даярлығын көрсететін маңызды әлеуметтік мінез-құлық үлгісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, жомарттық – ұжымшылықты, өзара қолдауды және гуманистік құндылықтарды нығайтатын ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Сонымен қатар, жомарттық ұғымы тек материалдық ресурстармен шектелмейді. Ол моральдық және эмоциялық өлшемдерді де қамтитын көпқырлы феномен ретінде көрініс табады. Жомарт тұлға кең пейілділігімен, әлеуметтік сезімталдығымен және өз мүддесінен бас тарта алу қабілетімен ерекшеленеді. Мұндай сипаттар жоғары деңгейдегі адамгершілік пен ізгілікке ұмтылыстың көрінісі ретінде бағаланады, әрі бұл қасиет әлеуметтік қатынастарда өзара құрмет пен сенімнің негізін құрайды [11, 240].

Лексикографиялық анықтамаларға келер болсақ, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «жомарт» сөзіне «1. Қолы ашық, береген, мырза; 2. Бай, кең» деген анықтама берілген [12, 480]. «Жомарттық» сөзінің берегендік, мырзалық, мәрттік, шүлендік, сақилық, шығымдылық деген синонимдік қатарлармен де аталатынын көреміз [13, 640].

Жүргізілген лексикографиялық талдау нәтижесінде сөздіктерде «жомарттық» концептісінің келесі мағыналары берілетіні анықталды: 1. Адамдарға қамқорлық жасау және өзгелерге ықыласпен көмектесу; 2. Әділетті болу; 3. Сараңдықтың болмауы; 4. Дәулетті болу және қолында билігі болу.

«Құтадғу білікте» жомарттық ақыл лексемасымен жомарт ақи лексемасымен беріледі. «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігінде «ақи: қолы ашық». Ағылшын шығыстанушысы Джерард Клаусон сөздігінде ақи сөзіне generous, openhanded «жомарт, қолы ашық» деп анықтама берілген [14, 78]. Ғалымдар ақи сөзін орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін араб тілінен енген кірме сөз «ахи» (бауыр) сөзімен шатастырып жатады. Бұл жайында түрік ғалымы академик Бесим Аталай сөздің таза түркі сөзі екендігін, бұл сөздің араб тілінен енген «ахи» сөзіне қатысы жоқ екенін, араб тілінен енген деген пікірлердің жаңылыс екендігін айтады [15, 90].

Дж.Клаусон да осы пікірді қолдайды [14, 78]. Профессор Берікбол Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбегінде ақ түбірін жан-жақты талдай келе, семантикалық өрісінің аса кең екендігін тарихи жазба ескерткіштері материалдарына сүйене отырып айғақтайды. Ақ түбірінің етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған: 1. Судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы; 2. Адамның не басқа бір заттың судың ықпалымен кетуі; 3. Су, жас, тер, қан, сілекей сияқты сұйық заттардың сорғалауы; 4. Сөл, нәр, ет сияқты нәрселердің бірте-бірте таусылуы, құруы; 5. Ауыс. тез жылдам жүру, зулау, жылдамдығына көз ілеспеу; 6. Ауыс. Молшылықтың асып-төгіліп жатуы.

Біз де ақи сөзінің түбірі ақ – етістігі деген пікірге қосыламыз. Ақ – көне түркі тілінде фонетикалық қанасы аса сыйымды, лексикалық мағыналары әр тарапты омоним түбір. Осы етістіктің «молшылықтың асып-төгіліп жатуы» деген ауыспалы мағынасы назар аудартады.

Тарихи жазба ескерткіштер тіліне қарайтын болсақ, ақи сөзі алғаш рет көне ұйғыр мәтіндерінде кездеседі [16, 9]. Ұйғыр мәтіндерінде ағы (байлық, дәулет), ағылық (қазына, қойма) [16, 6] деген сөздер бар.

Дыбыстық қ – ғ сәйкестіктері түркі тілдерінде кең жайылған құбылыс екендігін ескерсек, бұл сөздерді көп мағыналы сөз ретінде қарастыруға болады. Бұл сөздің мағынасы қазақ тіліндегі «жомарт» сөзінің «бай» деген мағынасына сәйкес келеді екен. Қазақ тіліндегі «мол, көп» деген мағынаны беретін ағыл-тегіл деген қос сөздің бірінші компоненті «ағыл» сөзінің түбірі де ағы етістігі болып табылады. Сонымен қатар «жоқшылық, түгі жоқ, жетіспейді» деген мағынадағы қурап отыр деген сөз тіркесінің бірінші компоненті «қурау» етістігінің ағы етістігінің антонимі ақпау етістігімен байланысы бар, яғни судың ақпауынан пайда болатын құбылыс.

Жоғарыдағы жасалған талдау және келтірілген деректер ақи ақ – етістігіне етістіктен есім тудыратын –ы жұрнағы жалғануы арқылы жасалған туынды есім екендігін дәлелдейді. Жүсіп Баласағұн өз шығармасында араб мәдениетінен енген абстракт ұғымдарды саналы түрде түркі сөздерімен атайды. «Құтадғу білігте» түркі тілінде діни ұғымдар түркі тілінің сөздік қорында бұрыннан бар сөздердің мағынасымен өзара қарым-қатынасқа түсіп синонимдік байланыста жұмсалса, кейбір ұғымдар түркілік атаулармен аталып, сөздер жаңа мағынаға ие болып, діни терминдер жасалған. ақи ақылқ та жаңа мағынаға ие боған төл түркі сөзі.

«Құтадғу біліг» тіліндегі ақи лексемасының қолданылуы. «Құтадғу біліг» жазба ескерткіші тілінде ақи лексемасы жомарт түрінде 64 рет, ақылқ – жомарттық мағынасында 15 рет кездеседі. Осы тұста айта кететін бір жағдай, ақи лексемасы дастанда Пайғамбар (с.а.а), оның сахабасы Осман, Қарахан билеушісі Бұғра Хан және басқа да ел билейтін бектер мен әскербасылардың мінез-құлқын сипаттаған бөлімдерде жиі қолданыс табады.

«Құтадғу біліг» жазба ескерткішінің «Beglikke seza bolğu teg beg negü teg kerekün ayur (Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады)» атты 28-бабында ел билейтін бектерде болуы керек ең басты қасиеттердің бірі ретінде жомарттықты атап көрсетеді.

«Ел билейтін бек 1. Білімді, 2. ақылды, 3. халықтың таңдаулысы, 4. жомарт, 5. қанағатшыл, 6. ішкі жан дүниесі бай болуы керек» деп нақтылайды.

Сондай-ақ әлемге әйгілі бек болғысы келетін жан мына 4 істі орындауы тиіс:

Кесте 1

til köni bolsa	шыншыл бол
törü qıl ilke qutun	елге әділ заң орнат
bol aqı	жомарт бол
bol alp	ержүрек батыр бол

Жазба жәдігерде жомарт болуы тиіс адамның бірі – әскербасылар. «Ögdülmiş iligke sü başlar er negü teg kerekün ayur (Өгдүлміш Елігке әскербасының қандай болуы керектігін айтады)» деп аталатын 30-бабында әскер басының төрт ерекше қасиеті болуы керектігі айтылады:

1. sözi çin (шыншыл); 2. aқılқ (жомарттық); 3. yüreklik (ержүрек); 4. alçı hile bilir (тапқыр) [4]. Әскер басының әсіресе жомарт болуына ерекше тоқталып өтеді.

Нәтижелер. Жазба ескерткіш тілінің лексикалық қабаттарында ақи сөзінің қатысуымен жасалған сөздерге талдау жасау арқылы дастандағы ақи концептінің ішкі мәнін анықтап көрелік. ақи сөзі қатысуымен жасалған сөз тіркестері есім мәнді және етістік мәнді деп бөліп қарастыруға болады.

1. ҚБ шығармасында сын есім және зат есімнің қатысуымен жасалған тіркестер: ақи tuz etmek idisi / тұз–нан иесі: 1191, 2274, 2318, 2319, 2320, 2321, 2532, 4279, 4537, 6096; ақи bağırsak/жомарт мейірімді: 43, 1243, 2073, 2170, 2274, 2589, 3933, 6103; ақи elgi king/қолы ашық: 43, 55, 3660, 4536, 6488, 6103; ақи elgi aқи / қолы жомарт: 1703 1708 2073 5358 5581 3034; ақи közi toқ kişi / көзі тоқ кісі: 1191, 1964, 2170, 5358; ақи kişi öggüsi / мадаққа лайық кісі: 1731, 3040; ақи

elgi yürekli teđük /жомарт қолы жүрегі таза: 58, 2284; кішіге tusulgu/адамға пайдалы: 5099, 3407; ақи кішіде ағры / жомарт кісі ішінде қымбаттысы: 1028; ақи köngli tolu / көңілі бай: 1964; ақи атı tirig / жомарттың аты тірі: 257;

ақи концептінің өрісі аясында есім сөздер арасында қолданылу жиілігі жағынан жоғары тұратын үш сөз назар аудартады: tuz etmek 10 рет Бағырсақ 8 рет, elgi king 6 рет, ақи elgi ақи 6 рет, ақи közi toқ кіші 4 рет сөздері. Одан кейін ақи кіші öggüsi / мадаққа лайық кісі рет, ақи elgi yürekli teđük / жомарт қолы жүрегі таза және кішіге tusulgu/адам баласына пайдасын тигізетін 2 рет, ақи кішіде ағры / жомарт кісі ішінде қымбаттысы, ақи köngli tolu / көңілі бай, ақи атı tirig / жомарттың аты тірі тілдік бірліктері 1 ақи лексемасымен бірге қолданылғанын көреміз.

2. Ақилік және ақи сөзімен тіркесе үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу: **келетін етістік мәнді сөздер:** üle–үлестіру, бөлісу: 2276, 2322, 2765, 3666, 3932, 6106; үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу: 2320, 4219, 5359, 2053, 5359; ғақкі өте / ақысын өтеу: 2321, 5578, 6105; yulug қыл/пида ету: 3932 6105 6106, bir/ беру: 2532, 6103, ақит / ағызу 6107; bağısla / 2053.

Дастанда ақи лексемасы üle/үлестіру, бөлісу етістігімен 6 рет, үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу 5 рет, ғақкі өте / ақысын өтеу және yulug қыл / пида ету 3 рет, bir/ беру 2, ағызу және bağısla етістігімен 1 рет тіркесе қолданылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда көріп отырғанымыздай есім мәнді сөз тіркестері ішінен ақи elgi king/қолы кең қолы мол, elgi ақи / қолы жомарт сөз тіркестерінің қолдану жиілігі өте жоғары. Екеуі де қазақ тіліндегі «қолы ашық» тұрақты тіркесімен бірдей мағынаға келеді. 12 рет қолданылады. Етістік мәнді тіркестерде üle/үлестіру, бөлісу етістігімен ең көп тіркеседі екен. Үлестірілетін дүниелер: altun күмүс, ас, ісгү, neng, mal, tavar / алтын күміс, ас–су, мал–мүлік. Автор шығармада жомарттың осы сипатына баса назар аудартады келеді. Оның танымында жомарт адам қолындағы барымен басқалармен бөлісе алатын адам, қолы ашық адам.

Екінші жиілікте қолданылған сөз тіркесі ақи tuz etmek ідісі / тұз–нан (байлық) иесі. Осы жерде tuz etmek тіркесіне тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «нан–тұз, тұз–нан» деген сөз тіркестері кездеспейді, «тұз–дәм» сөз тіркесі бар. «Тұз–дәм» сөз тіркесіне «ас–су, несібе» – деген анықтама беріледі [12, 411]. Түркия ғалымы Шемсесттин Самидің «Камус-и Түрки» сөздігінде «Тұз нан; нығмет, ихсан; тұз нан ақысы; алғыс, ризашылық» [17, 898] деген анықтама беріледі. Жоғарыда сөздіктердегі анықтамалардан «тұз нан» сөз тіркесінің «несібе, нығмет» деген мағынаға келетінін көреміз. Ал іді сөзі «ие» деген мағынаны береді [17, 41] tuz etmek ідісі сөз тіркесін «несібе нығмет иесі, яғни байлық дәулет иесі» деп аударған дұрыс. Сонда жомарт адам ең бірінші бай, дәулетті болуы керек. ақи evi altun күмүс қарғи (жомарттың үйі алтын мен күмістің есігі) деген бәйіттен де мұны аңғарамыз. Автор жомарттың осы сипатына баса назар аударғысы келеді. Сонымен қатар, кейбір бәйіттерде мемлекеттің қазынасына жауапты адамның аса жомарт болмауы керектігін баса айтады. Өйткені, жомарттық – тек өз малыңмен жасалатын әрекет. Шығармада 15 мемлекет қызметкері және 13 кәсіп иелері сипатталады. Солардың ішінде жомарттық қасиет тек ел билейтін бектер мен әскербасылардан талап етіледі. Жомарт ең бірінші дәулетті, бай кісі, қолында билігі бар кісі болу керек.

Шығармада tuz etmek сөз тіркесімен бірге үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу етістігі де жиі қолданылады. Бұл да tuz etmek тіркесінің «ас су» деген мағынасының аясында көрініс табады. Жомарт кісінің біріншіден қонақжайлылығын білдірсе, екіншіден жетім, жесір, кедейлерді тойдыру сияқты миссиясын да ортаға қояды.

Үшінші кезектегі жиі қолданылатын тіркес ақи bağırsaq/жомарт мейірімді. Тек жүрегінде мейірімі бар адам ғана басқаларды ойлай алады, қолындағы барымен басқалармен бөлісе алады.

Төртінші ақи közi toқ кіші / жомарт көзі тоқ адам тіркесі келеді. Қазақ тіліндегі «көзі тою» «қанағат ету» ету деген мағынаға келеді. Жомарт адам қанағатшыл адам.

Жазба ескерткіште ақи лексемасымен жиі қолданылған етістіктің бірі – ғақкі bil (кісі ақысын білу), ғақкі өте– (кісі ақысын өтеу). Жомарттықтың басқа бір белгісі ешкімнің ақысын жемеу. Дастанда қызмет етуге лайық жан осы жомарт екендігін tarugci ғақкі

bilir (қызметшінің хақын біледі, ақысын жемейді) деген сөз тіркесі қолданылған. Жомарт жан – басқаның ақысын өтеу үшін жанын да беруге дайын. *yulug kıl / пида ету* етістігі ақи лексемасымен 3 тіркесіп келеді. Жомарт малын да, жанын да халық үшін пида ете алатын адам. Жомарт адам ол елге өзінің пайдасын тигізетін, еліне малымен, жанымен қызмет ететін адам.

Қорытынды. Сонымен, зерттеуге байланысты ақи лексемасына қатысты мынадай нәтижелерге қол жеткізілді. VIII ғасырда көне ұйғыр тілінде ақи алғаш рет кездеседі. Орхон жазба ескерткіштері мен көне ұйғыр тілінде ақи сөзіне ұқсас *ағи* сөзі бар. Орхон жазба ескерткіштерінде ағи сөзінің мағынасы – «дүние, сыйлық, қымбат зат», ал көне ұйғыр тілінде – «байлық, дәулет». Ақи лексемасы көне түркілік етістік болып табылатын ақ етістігі мен етістіктен есім жасайтын –ы жұрнағы арқылы жасалған туынды сөз.

Шығарма тілінде жомарт және жомарттық концептісі ерекше орын алады. Жомарттық – белгілі бір мәртебеге ие, кемел тұлғалардан талап етілетін қасиет екендігі анықталды. Шығармада жомарттық Пайғамбар (с.а.а.), оның сахабасы Осман, Қарахан билеушісі Бұғра хан және басқа да ел билейтін бектер мен әскербасылардың мінез-құлқын сипаттаған бөлімде жиі қолданылады. Шығармада 15 мемлекет қызметкері және 13 кәсіп иесі сипатталады. Солардың ішінде жомарттық қасиет тек ел билейтін бектер мен әскербасылардан талап етіледі.

Ақи лексемасының төңірегіне жинақталған ақпараттық тіл бірліктерінің санада қалыптасқан бейнесі сол дәуірдегі түркілердің ұлттық болмысын айқындап көрсетеді. Шығармадағы Ақи концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісінің ауқымы өте кең екенін анықтадық.

Жомарт концептісінің мағынасын ашатын келесі тілдік бірліктер жинақталды: жомарттың қолы ашық, жомарт – дәулетті адам, жомарттың көңілі тоқ, жомарт – адамның асылы, жомарт – жүрегі таза адам, жомарт – көңілі дархан адам, жомарттың аты мәңгі өлмейді, жомарт кісі ақысын жемейді, жомарт – қолындағысын басқалармен бөлісетін адам, жомарт – қанағатшыл, жомарт малын да, жанын да басқалар үшін пида етеді, жомарт – халыққа қызмет ететін адам және т.б.

Осы зерттеуде «жомарт кім?» деген сұраққа толық жауап беріледі: жомарт – ең алдымен рухани, этикалық және ақыл-ой тұрғысынан үйлесімді дамыған, өз потенциалын толық жүзеге асырған, қоғамды және өзін тануға қабілетті, әділетті, саналы тұлға. Екіншіден, қоғам алдында жауапкершілік ала білетін, жүрегі таза, қамқор, елге пайдасы тиетін тұлға.

Қазіргі антрапоэктик тіл білімі саласының жаңа бағыттары болып табылатын когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика ғылымында рухани концептілер күрделі категория ретінде зерттеу нысанына айналып отыр. Осындай категориялардың концепт құраушылық сипатын, оның мағыналық ақпараттық өрісін, қазақ дүниетанымындағы күрделі ұғымдардың мәнін ашу тіл білімінде өте маңызды деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
2. Манкеева Ж.А., Жанабекова А.А. Қазақ тіліндегі «фразеологиялық әлем бейнесінің» мәдени прагматикалық әлеуеті // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 198. – №2. – Б. 108-116. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198210>.
3. Мырзахметұлы М. Абай: Толық адам ілімі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.
4. Arat R.R. Kutadgu Bilig I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1999. – 530 б.
5. Karamanoglu A.F. Kutadgu Bilig'in diline ve adına dair // Türk Dili. – 1970. – Т. IX. – № 98. – Б. 127-131.
6. Dankoff R. Wisdom of Royal Glory: A Turko-Islamic Mirror for Princes. – Chicago: London, 1983. – 4 б.

7. Tas I. The Problem of Good in Kutadgu Bilig // Bilig. – 2013. – № 67. – Б. 247-272. URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/2387-published.pdf>.
8. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд. және түсіндірмелерін жазған А.Қ.Егеубаев. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.
9. Kasapoğlu Çengel H. Türk kültüründe akıl ve bilgi üzerinde öğütler: Balasagunlu Yusuf'tan Semeyli Abay'a // Milli Folklor. – 2020. – Sayı 126. – S. 184–197. URL: <https://www.millifolklordergisi.com/PdfViewer.aspx?Sayi=126&Sayfa=186>.
10. Bayaliyeva G.Zh. Cognitive Mining of Words in the Language of Written Monuments of the XI–XIII Centuries // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Т. 186. – №2. – Б. 25–32. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.03>.
11. Ахметова А.С. Лингвокультурные аспекты изучения языковых концептов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 240 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VI том. – Алматы: Арыс, 2007. – 751 б.
13. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
14. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: University Press, 1972. – 78 б.
15. Divanü Lûgat-it-Türk. 1-том / ауд. В. Atalay. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1992. – 906 б.
16. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1968. – 519 б.
17. Sami Ş. Kamus-i Türki. – İstanbul: Çağrı Yayınları, 1317. – 1317 б.

Г.А. КАНАШАЕВА, К.Б. АШИРКУЛОВ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

К.М. АШИРХАНОВА

Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

КОНЦЕПТ «ЖОМАРТ» / АҚІ В ТРАКТАТЕ «КУТАДГУ БИЛИГ»

Аннотация. Трактат Юсуфа Баласағуни «Құтадғу билиг» представляет собой ценнейший источник, отражающий особенности когнитивного сознания тюрков XI века и языковые факты, раскрывающие сущность человеческой природы. Генетический слой языка памятника на 85 % состоит из тюркской лексики, а абстрактные понятия, входящие в систему духовных ценностей, выражены исконно тюркскими терминами. Эти абстрактные понятия представляют собой духовные концепты, способствующие раскрытию представлений о человеческой сущности в тюркской картине мира. В статье проведён всесторонний лексико-семантический анализ лексемы ақи / «жомарт» как одной из ключевых черт совершенного человека, описанного в «Құтадғу билиг». На конкретных примерах показано, как учёные Караханидской эпохи использовали богатый словарный запас тюркского языка при передаче абстрактных понятий, проникших в тюркскую культуру через исламскую религию. Лексема ақи является производным существительным, образованным от древнетюркского глагола ақ (давать, одаривать).

В статье проведено сопоставительное исследование транскрипции, выполненной турецким учёным профессором Решидом Рахмети Аратом на основе трёх рукописей, с казахскими переводами данного произведения.

Ключевые слова: Құтадғу билиг, тюркская картина мира, совершенный человек, щедрость (жомарт).

G.A. KANASHAYEVA, K.B. ASHIRKULOV

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

K.M. ASHIRKHANOVA

Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstanbayev University, Almaty, Kazakhstan

THE CONCEPT OF AҚI / GENEROSITY IN “KUTADGU BILIG”

Annotation. Yusuf Khash Hajib's work Kutadgu Bilig is a valuable source of linguistic data that reveals aspects of human nature in the cognitive consciousness of the Turks of the 11th century. The genetic layer of the written monument's language consists of approximately 85% Turkic words, with abstract concepts reflecting spiritual values expressed through purely Turkic terms. These abstract notions serve as spiritual concepts that provide insights into the essence of human nature from the perspective of the Turkic worldview. This article presents a comprehensive lexical and semantic analysis of the lexeme aқı (generosity), which is identified as one of the key virtues of the ideal individual in Kutadgu Bilig. The study demonstrates with concrete evidence that scholars of the Karakhanid era, when incorporating abstract notions introduced through Islam, made extensive use of the rich Turkic vocabulary. The lexeme aқı is derived from the verb aқ, which is of ancient Turkic origin.

The article also examines the transcription of Kutadgu Bilig by Turkish scholar Professor Reşit Rahmeti Arat, who compiled the text from three versions, and compares it with Kazakh-language translations.

Keywords: Kutadgu Bilig, Turkic worldview, perfect man, generosity.

References

1. İslam A. Ülttyq madeniet kontekstindegi dünienüñ tıldık sureti: filol. gyl. dokt. ... diss. – Almaty, 2004. – 229 b.
2. Mankeeva J.A., Janabekova A.A. Qazaq tılındegı «frazеologialyq әlem beinesinın» madeni pragmatikalyq aleueti // QazҰU habarşysy. Filologia seriasy. – 2025. – T. 198. – №2. – B. 108-116. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198210>.
3. Myrzahmetüly M. Abai: Tolyq adam ılımı. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 238 b.
4. Arat R.R. Kutadgu Bilig I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1999. – 530 b.
5. Karamanoglu A.F. Kutadgu Bilig'in diline ve adına dair // Türk Dili. – 1970. – T. IX. – № 98. – B. 127-131.
6. Dankoff R. Wisdom of Royal Glory: A Turko-Islamic Mirror for Princes. – Chicago: London, 1983. – 4 b.
7. Tas I. The Problem of Good in Kutadgu Bilig // Bilig. – 2013. – № 67. – B. 247-272. URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/2387-published.pdf>.
8. Balasagun J. Qütty bılk / kone turkı tılın aud. jane túsındırmelerin jazgan A.Q.Egeubaev. – Almaty: Taimas, 2007. – 536 b.
9. Bayaliyeva G.Zh. Cognitive Mining of Words in the Language of Written Monuments of the XI–XIII Centuries // QazҰU habarşysy. Filologia seriasy. – 2022. – T. 186. – №2. – B. 25-32. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.03>.
10. Kasapoğlu Çengel H. Türk kültüründe akıl ve bilgi üzerinde öğütler: Balasagunlu Yusuf'tan Semeyli Abay'a // Milli Folklor. – 2020. – Sayı 126. – S. 184–197. URL: <https://www.millifolklordergisi.com/PdfViewer.aspx?Sayi=126&Sayfa=186>.
11. Ahmetova A.S. Lingvokülturnye aspekty izucheniya iazykovyh konseptov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 240 b.
12. Qazaq әdebi tılınıñ sözdıǵı. VI tom. – Almaty: Arys, 2007. – 751 b.
13. Bizaqov S. Sinonimder sözdıǵı. – Almaty: Arys, 2007. – 640 b.
14. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: University Press, 1972. – 78 b.

15. Divanü Lûgat-it-Türk. 1-tom / aud. B. Atalay. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1992. – 906 b.
16. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1968. – 519 b.
17. Sami Ş. Kamus-i Türki. – İstanbul: Çağrı Yayınları, 1317. – 1317 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Канашаева Гульжазира Аманбайқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Канашаева Гульжазира Аманбаевна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Kanashaeva Gulzhazira Amanbayevna – master of arts, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Аширкулов Канат Бахтиярұлы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Аширкулов Канат Бахтиярулы – магистр гуманитарных наук, преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Ashirkulov Kanat Bakhtiyaruly – master of arts, Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Әшірханова Қарлығаш Маштайқызы – философия докторы (PhD), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, Атырау, Қазақстан.

Аширханова Қарлығаш Маштаевна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Атырауского университета имени Х. Досмукхамедова, Атырау, Казахстан.

Ashirkhanova Karlygash Mashtayevna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan.